

ЕГЕМЕН

ЖАРАТ

АҚ ЖОЛДАҒЫ АЙТАЛЫ

Ғылыми һәм техникалық прогрестің қарқынды дамыған заманында ғалым болу таңданарлық құбылыс болмай қалды. Саналы ғұмырын ғылымға арнап, бақытын содан тауып жүргендер баршылық. Сондай-ақ билік пен байлықтың басы-қасында жүргендердің екеуінің бірі ең құрығанда ғылым кандидаты екені де шындық. Жазатындар да, жазып беретіндер де жетеді. Ал саяси құбылыстардың бұрын-соңды болмаған шапшаң аласапыран үдерісінде қайраткерлік те, саясаткерлік те таңсық емес. Ал шын мәнісіндегі абзал азамат болу кім болса соның маңдайына жазыла бермеген.

Бүгіндері 70 жасқа толып отырған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Әбдірахманұлы Айталы туралы ойланғанда көз алдыға оның ғылым жолындағы және қайраткерлік қарекетіндегі шынайы азаматтық болмысы келеді.

Амангелді Айталы бұдан жетпіс жыл бұрын қоңыр күзде Астрахань облысы, Володар ауданында балықшы отбасында дүниеге келіпті. 18 жасында Володар қазақ педагогикалық училищесін бітіріп, еңбек жолын ауылда бастауыш сынып мұғалімі болып бастады.

Училище білімін қанағат етпеген ол 1964 жылы Гурьев педагогикалық институтының филология факультетін ойдағыдай аяқтады да, инемен құдық қазғандай қиыншылығы да, қызықшылығы да жеткілікті ғылым сүрлеуін таңдады. Өзі Астраханьда туып, сан халықтың өкілдерінің арасында өскен Амангелдіні студент кезінен қызығушылық таныта бастаған ұлтаралық қатынастар мәселесі Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми коммунизм кафедрасының аспирантурасына алып келді.

Ұлттар арасындағы қарым-қатынас қашанда өлмейтін, мәңгілік тақырып екенін жақсы ұғынған Амангелді Айталы 1968 жылы диссертация қорғап, философия ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болады. Осы жылдан жас ғалым ұстаздықтың даңғыл жолына қайта түсті. Алдымен Ақтөбе педагогикалық институтында (кейіннен Қ.Жұбанов атындағы университет) аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып қызмет атқарады. Бірақ ғылыми ізденіс әсте толастамады. 1988 жылы Мәскеу қаласында философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Осының алдында “Социализм және бұқараны интернационалдық тәрбиелеу” атты монография жарық көрген болатын.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Еуразия кеңістігіндегі ең алып Кеңес империясы құлап, Одақ ыдырағаны мәлім. Бұл бұрынғы шет республикаларда көптен қордаланып келген ұлт мәселесін өткір қойып, тіпті қайсыбір аймақтарда ашық қайшылықтар мен қақтығыстарға алып келгені белгілі. Мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жүргізген еліміздегі барлық этнос өкілдерінің түсіністік пен ынтымақтастығы саясатының арқасында Қазақстан өз кеңістігінде саяси-әлеуметтік келеңсіз көріністерден аман қалды. Бұл өзекті мәселеге ғалымдар қауымы да өз үлестерін қосып еді. Өйткені, Қазақстан тәуелсіздікке ие болған тұста, әсіресе, әлі саяси бейнесі айқындала қоймаған студент жастар арасында ұлт, ұлттық мемлекет, ұлт мәдениеті, ұлт жаңаруы туралы әртүрлі, кейде бұрмаланған түсініктер болды. Осы тұста Айталы университетте ұлт теориясы мен тәжірибесі жөнінен арнаулы курс жүргізіп, дәріс берді. Ол маман ретінде көпшілік арасында насихаттық әрі үгітшілік жұмыстарға тартылды. Кейін осы материалдар “Ұлттану” атты оқу құралына негіз болды. Оны көптеген университетте оқытушылар мен активтер кеңінен пайдаланды.

Амангелді Айталының азаматтық, қоғамдық һәм ғылыми болмысы оның 1999-2007 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты кезінде жаңа қырынан көрініп, жаңаша тыныс алды. Сонымен қатар, ғылыми дайындығы мол, әсіресе, қоғамдық қатынастар саласына жетік ғалым кәсіби Парламенттің қалыптасуына өзіндік үлес қосты десек, шындықтан тым алыстап кете қоймаспыз. Сондай-ақ Парламент те Айталының болмысын айқындай, қоғамдық тұлғасын айшықтай түскені шындық. Еліміздің ең жоғары заң шығарушы органында ол білім, мәдениет, көші-қон, мемлекеттік тіл,

жер, отбасы тағы басқа да өзекті мәселелерді құқықтық жағынан реттеуге етене атсалысты. Өзінің ғылыми өрісінде зерттеп жүрген осы мәселелер туралы байыпты ойларын Мәжілістің биік мінберінен, теле және радио арналарынан ашық айтып отырды. Мерзімді басылымдарда мақалалары мен сұхбаттары жарияланып жатты.

Депутат кезіндегі Амангелді Айталының халықаралық деңгейдегі қызметі айрықша атап өтерлік қомақты. ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясының білім, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссияның тұрақты мүшесі ретінде ол 2000-2004 жылдар аралығында Санкт-Петербург, Мәскеу, Киев қалаларында өткен конференцияларда тәуелсіз мемлекеттің білімі мен оқулықтары саласындағы дербестігі, мемлекеттік тіл сияқты өткір мәселелерді шешуге араласты, нақты ұсыныстар жасады. 2001 жылы Бішкек қаласында өткен “Демография. Кедейшілік және оны шешудің жолдары” атты конференцияда еліміздегі демографиялық саясатты жетілдірудің жолдары мен Қазақстаннан қоныс аударудың негізі себептері туралы баяндады. 2004 және 2006 жылдары Айталы Брюссель және Рим қалаларында өткен адам құқығы және кейбір діни ағымдардың кертартпа ықпалдарына ғылыми сараптама жасады. Нақты фактілерге құрылған мазмұнды баяндамалар көптеген мемлекет өкілдерінен қолдау тапты. Сонымен қатар ол Оңтүстік Африка Республикасы, Сирия, Ливия, Ливан, Ресей, Бельгия елдерімен парламентаралық байланыстарға өз үлесін қосты.

Соңғы жылдары да Амангелді Айталы Қазақстан “Ақ жол” демократиялық партиясы орталық кеңесінің хатшысы және Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми сараптамашысы ретінде қоғамдық жұмысқа байсалды сөзімен, байыпты ісімен, қарымды қаламымен белсенді араласып келеді. Оның тұрақты зерттеп, қалам тартып жүрген мәселелері көп-ақ. Мемлекетіміздің демократиялық болмысы, Парламент, саяси партиялар, қоғамымыздың рухани саласы, ұлттық мүдде, т.б. аса күрделі мәселелер туралы тиянақты тұжырымдарын, өзіндік ұстанымдары мен пікірлерін халықтың назарына ұсынып келеді. Бұл бағыттағы оның ғылыми дайындығын, өмірлік тәжірибесінің жеткіліктілігін тану қиын емес.

Қазір саяси құрылымы мен мазмұны, алдына қойған мақсат-мүддесі тұрғысынан бұрын-соңды қазақ тарихында болмаған тәуелсіз Қазақстанның саяси-әлеуметтік сипаты сарапшы саясаткердің тұрақты назарында. Бірақ ол әсте саясатшыл емес. Оны өтпелі кезеңнің қиыншылығынан, жаңалық іздеушілер қатарынан да таба алмайсыз. Ол – барды бардай айта алатын, қоғамның демократия теңізінде еркін жүзгенін, елінің байқаусыз қате жібермегенін қалайтын, қиындықтан шығар жолды мегзей білетін парасатты ойдың, терең білімнің иесі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың демократия мәселелері жөніндегі халықпен, саяси партиялармен, діни бірлестіктермен, ұлттық-мәдени орталықтармен үнқатысуға барып, көптеген көкейкесті мәселелерді тұрақты ортаға салып отыруы халықтың қоғамымызда жүріп жатқан демократиялық үдерістерге деген сенімін ұялатып отырғаны сөзсіз. Бірақ 70 жылдан астам уақыт бойы тоталитарлық жүйеде өмір сүрген Қазақстанда демократиялық қайта құрулардың өзіне тән ерекшеліктері, қиындықтарының болатындығы түсінікті. Батыстық демократия қоғамымызда жерсінбей, ұлттық идеямен астаса алмай отырғаны жасырын емес. Сондықтан Айталының Қазақстан демократиясы ұлтсыздық дертпен ауырады деуінің реті бар. Сол себепті ол жалпы демократияның бастауы саналатын әлеуметтік әділеттілікті еліміздегі этнос өкілдерінің бірлігі мен ынтымағына игі әсер ететін, қоғамдағы орнықтылықтың маңызды факторы ретінде алға тартады. Осы бағытта Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың “Бізде демократиялық мәдениеттің терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеуге болады деп түсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек” деген сөзіне жүгінеді.

Амангелді Айталы қоғамымыздың демократиялық бағытпен баянды алға жылжуын мемлекеттік билік тармақтарының ішінде халықтық сипаты басымырақ Парламенттің

шынайы қалыптасуымен, оның әлемдік парламентаризмнің қағидаттарына сәйкес қызмет етуімен байланыста қарастырады. “Қазақстан парламентаризмінің дамуы тың және тыңайған жерлерді игеру емес, бұл – коммунистік диктатураның бульдозерімен қалың асфальт құйып, ауыр катокпен тегістеп тастаған топырағынан пайда болып келе жатқан парламентаризм” деген пікірмен келіспеу қиын. Саясаткердің ойынша, Парламент бақылау функциясына ие болуға тиісті, онсыз парламентаризм қалыптаса алмайды. Халық өзінің бірден-бір өкілді органы арқылы атқарушы билікті бақылауға алғаны жөн. Айталы биліктің жоғары эшелонындағы лауазым иелерінің заңсыз әрекеттеріне қоғамдық және мемлекеттік мүддені көздейтін парламенттік тексеріс ұйымдастыруды қажет деп есептейді. Сонда ғана заң шығарушы органның қызметі күшті әрі тиімді болады. Сонда ғана Парламент ел Президенті артып отырған сенім биігінен көріне алар еді.

Елімізде жүзеге асып жатқан демократиялық үдерістердің маңызды бір қыры – сайлау жүйесі. Өйткені, сайлау демократиясы, біріншіден, өктемдік пен бағыныштылыққа негізделмеген, әріптестік пен келісімге құрылған, саяси және заңдық шешімдерді жасап, оның қабылдануына қатысқан барлық субъектілердің бәсекелестігі мен өзара бағыныштылығына конституциялық кепілдік берген еркіндік. Осы мағынада электораттық демократия қоғамның ішкі мазмұнын құрайды және сайлау үдерісі арқылы азамат өзінің құқықтық мәдениетін жүзеге асырады. Сонымен қатар мұндай демократия – билік жүйесінің барлық субъектілерінің, ең бірінші, заң шығарушы органдар арқылы мемлекеттің іс-әрекетіне саяси-құқықтық баға беру мен тексеріс жүргізудің тұрақты амалы.

Қоғамның демократиялық сипатын танытатын елеулі факторлардың бірі – көппартиялық жүйе. Еліміздегі саяси партия туралы заңның партиялардың сан жағынан өсуіне қолайлы жағдай туғызғаны анық. Сайлау науқандарында олардың бәсекеге түсуі дәстүрге айналды. Соңғы Парламент додасына 6 партияның қатысуы тілге тиек бола алады. Бірақ партиялардың сапа, мазмұн жағынан жетілуі, ұстанған жолдарының тиянақтылығы бедерлі болмай отыр. Олардың идеологиясы бұлдыр, саяси ұстанымдары айқын емес. Сол себепті шынайы көппартиялық жүйе қалыптасты деп айтуға әлі ерте. Әділ, ашық сайлаулар негізінде құрылған Парламенттегі партиялық фракциялар саяси плюрализмнің бірден-бір көзі болғанда ғана көппартиялық жүйе толыққанды қалыптасты деуге болады. Біздегі партияларды бірер лидерлері арқылы танымаса, олардың бағдарламалары мен саяси іс-әрекеттерін сайлау науқанынан тыс кезде ешкім біле бермейді. Партиялар қатарында шынайы пікірталас жоқ. Ондай саяси бәсекелестікке дайын болмаған партиялар алға жылжи алмайды және өспейді, олардың келешегі күмәнді. Халықтың оған сенімі де бола бермейді. Айталының бейнелеп айтқанындай, қазақстандық саяси партиялардың көбісі қыстай ұйықтап, жазда тіршілік ететін аюдай.

Қазіргі қоғамтану саласында қалам тартып жүрген белсенді ғалым қайраткерлерден Амангелді Айталыны ерекше бедерлейтін ерекшелік – оның ұлт мұратын айрықша биік ұстайтындығы. Ол – ғалымдық жолдың алғашқы қадамынан бергі 40 жылдан астам уақыт ұлт мәселесін тұрақты зерттеп, оны философиялық, саясаттанулық, әлеуметтанулық ғылымдар тұрғысынан зерделеп келе жатқан ғалым. Мейлі ол демократияны сөз етсін, не Парламентті айтсын, болмаса кез келген басқа қандай мәселе туралы ой қозғаса да алдыңғы ұстанымда Темірқазықтай болып ұлт мүддесі тұрады, елімізді мекен еткен бүкіл этностардың талап-тілектері ескеріледі. Оның “Ұлттану”, “Ұлт мұраты: депутат көзқарасы” т.б. еңбектері, ондаған ғылыми-публицистикалық мақала-сұхбаттары сөзімізге дәлел. Айталы қазақ мемлекет құраушы ұлт ретінде елдегі тұрақтылыққа, татулыққа тарих пен ел алдында жауапты деп санайды. Сол сияқты ол мемлекет құраушы қазақ ұлтының өсіп жетілуі еліміздегі диаспоралардың өзара үйлесім табуымен, олардың көңіл-күйімен тығыз байланысты деген қағиданы саралап, қоғамдағы ұлтаралық келісімді әлеуметтік философия мәселесі ретінде қарастырып, оның деңгейлері, экономикалық, әлеуметтік және психологиялық аспектілерін ашып келеді. Бұл жай мақсат емес. Ол – қоғамдық қажеттілік. Еліміздегі топтастырушы, ұйытқы ұлт – қазақ халқының ұйымшылдығы күшті болмайынша, ол қалған этнос мүшелерін топтастыра алмайды, оған көшбасшы болмайды.

Бұл бағытта Айталы еліміздегі ұлттық саясаттың көбіне “дос болайық, бір болайық, ешқандай кикілжің болмасын” дегенге негізделуін жетімсіз деп есептейді. Бұл саясаттың нақты істерді талап ететінін атап көрсетеді. Сондай-ақ Қазақстанды отаным деп түсінетін әрбір этнос өкілі де рухани ынтымақтастық пен келелі келісім арқылы ортақ мемлекеттің тағдырына жауапты екенін ұғыну қажеттігі де маңызды мәселе.

Қазір қазақ сан жағынан да, сапа жағынан да оң өзгерістерді бастан кешуде. Сонымен бірге қазақ қоғамы үшін жаһанданудың, орыстанудың, батыстанудың, америкаланудың қаупі күшті. Жаһанданудан туындаған қазақ болмысындағы біреулердің байлығын, енді біреулердің шайлығын ойлап, ұлттық құндылықтарға салқындықпен қарауын Амангелді Айталы қазақ халқының ұлтішілік тұтастығына ең алдымен кері әсер етеді деп есептейді. Оның пікірінше, тіл, діл, мәдениет, дәстүр жағынан өз болмысымен дараланып тұрған ұлт ерекшеліктерін ескермей жасалған заңдар ұлтішілік және ұлтаралық қатынастарды реттей алмайды. Сондықтан ол білім, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, көші-қон, отбасы және неке, сайлау, жер, сот жүйесі, мемлекеттік қызмет және басқа да қазақтың тағдырына қатысты салаларды құқықтық жағынан реттеуде ұлттық дәстүрлер мен ұлттың тарихи даму ерекшеліктерін қатаң ескеруді ұсынады.

Көп ұлтты мемлекеттерде этностардың өзара ынтымақтастығы және бірлесуімен қатар олардың бәсекелестігі, қайшылығы, дау-жанжалдар болып қалуы мүмкін. Өмірдің аты өмір. Әрине, олардың болмағаны жөн. Алайда, ондай оқиғалар болды ма, оның себеп-салдарларын байыптап, арнайы зерттеу ләзім, білген дұрыс. Мәселенің ақ-қарасын ажыратқан жөн. Қылмыскерлерді отырғыза салудан оңай жоқ, бірақ мұнымен мәселе шешілмейді. Мәселе кордалана береді. Оның бір күні үлкен шиеленістерге соқтыруы ғажап емес. Сондықтан А.Айталы Елбасымыздың ұлттардың қайшылықты мүдделерін үйлестіруге ерекше маңыз беріп, еліміздегі ұлтаралық мәселелерге аса ыждағаттық танытып отырғанын бүкіл ел болып қолдаудың қажеттігін айрықша атайды. Бұл алға қарқынды жылжуымыздың әлеуметтік кепілдіктерінің маңызды бағыты болып саналады. Шынында да, ұлттық қатынастар – мейлінше нәзік, шетін сала. Бұл салада бір ғана шындық, бір ғана ақиқат бола бермейді. Сондай-ақ іргеміз бір, ниеттес елдермен жарасымды, өркениетті экономикалық, саяси, мәдени, ғылыми қарым-қатынаста болуымыз – табиғи заңдылық та өмірлік қажеттілік. А.Айталы көрші орыстың мәдени, ғылыми дүниесінен аулақ болу біздің өз мәдениетімізді кедейлетеді деп санайды. Ресей біздің мәңгілік сыйластықта болатын көршіміз. Сондықтан Қазақстанның тәуелсіз ел болуы орыс-қазақ қатынастарына жаңа мазмұн беретінін біздер терең түсінуіміз керек. Ұлттық мүдденің қайнарында жатқан құндылықтар туралы сөз қозғағанда А.Айталыны ерекше толғандыратын мәселе – ана тіліміздің бүгінгі күйі. Рас, тәуелсіздік жылдары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы бағытында көп нәрсе жүзеге асты. Егемендіктің елең-алаңында мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тіліміз 1995 жылы конституциялық шешімге ие болды. Ол “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” Заңда нақтылана түсті. Мұны жүзеге асыру бағытында Үкіметтің арнайы қаулы-қарарлары мен мемлекеттік бағдарламалар қабылданғаны белгілі. Сан жылдар теперіш көрген тіліміз кеңістігінде оң өзгерістер орын алып, жаңа бағыттар қалыптасты. Дегенмен, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін меңгеру қажеттілігі елде әлі басымдыққа ие болмай тұр. Мұны, әсіресе, билік басындағылар мен экономика, бизнес, банк саласындағылар толық мойындай қойған жоқ. Айталыша айтқанда, оларға қазақ тілінен орыс тілі жақын, теңгеден сом, доллар ыстық. Шынайы ұлтшыл азаматты, өз сөзімен айтқанда, “туған анасының омырауын тістейтін тағылар сияқты туған тіліне, мәдениетіне жат ұрпақтар тобы өмірге келгені” қинайды. Осыларды ойлай отырып, ұлт мәселесінің майталман тамыршысының қазақ Арал апаты сияқты мәдени апатқа ұшыраған ұлт дегенімен келіспеске амал жоқ. Оның “Дәрігердің ағзаның жансызданған жерін жандандыратыны сияқты, ұлтымыздың жансызданған бөлігін жандандыру (реанимация) шараларын қолға алу қажет” деуі жайдан жай емес.

Ғалым тығырықтан шығар жолдарды ұсынады. Оның бірі – ұлттық намыс, тілге деген ұлттық қажеттілік. Бүгінгі күні ұлттық тілдің намысы қандастарымыздың өзінен саналы іс-әрекетті, табандылықты, рухани ізденістерді талап етіп отыр. Екіншісі – мемлекеттік тілді қызметке тұрудың қажетті шартына айналдыру. Бұл үшін мемлекеттік тіл туралы арнайы заң керек. Осындай себептермен автордың Қазақ гуманитарлық заң университетінің бір топ ғалымдары дайындап, “Ана тілі” газетінде жарияланған “Мемлекеттік тіл туралы” Заң жобасын жасауға белсене атсалысқанын түсінуге болады. Үшіншісі – әлемдік тәжірибеге сәйкес Қазақстанның азаматтығын аламын дегенге қазақ тілін білу талабын қою. Ал ресми лауазым иелерінің қазақ тілі десе сайрай кететін толып жатқан іс-шаралары, әртүрлі жарыстары және курстары есеп беруге қолайлы болғанымен, бізді діттеген нысанамызға жеткізе алмай отыр.

Ұлттық мәселені ешуақытта діннен бөле қарауға болмайды. Дін – ұлттық белгінің ерекше түрі ғана емес, оның рухани мазмұны. Елбасымыздың “Бүкіл дүние жүзінде миллиардтаған адамдардың технологиялық жаңалықтарға бейімделу қиындығы, жаһандық рыноктың қатал талаптары салдарынан адамзаттың діни ақиқатқа жаппай оралуы жүрді” деуі де, елордамыздың әлемдік діндердің тұрақты басқосуына мұрындық болып жүргені де жайдан-жай емес. Сол сияқты А.Айталының пікірінше, бүгін капиталды алға тартып, рухани құндылықтарға екінші кезекті ұсынып отырған батыстық капитализмнің, дінсіздікті, рухсыздықты насихаттаған социализмнің дәмін татып отырған адамзаттың дінге мойын бұруы тегіннен-тегін емес. Тілсіз адам қоғамы болмайтыны сияқты, дінсіз мемлекет болмайды. Тек ұлттың болмысымен, наным-сенімімен, мәдениетімен, дүниетанымымен берік, тығыз байланысқан дін ғана өміршең. Ұлт діннен қуат алып, дін ұлттан қолдау тапқанда ғана дін ізгілік дарытады. Дін ұлттық мәдениетке сүйенсе, ұлттық мәдениет діннен сусындайды.

Амангелді Айталының әлемдік діндерге, әсіресе оның ішінде исламға қатысты ойлары өзінің парасатты пайымдылығымен, толымды толғаныстарымен қызғылықты. Мұсылман діні – ұлттық мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің әлеуетті тірегі. Егер соңғы үш жүз жылдай отарлықтың бар қасіретін, кеңестік қырғынның талай ойранын көріп, бірақ беріспей, бүгінгі күнге аман-есен жетсек, ол біздің діннің де арқасы екені айқын. Дін тек ұлтты рухани таным, мәдени дәстүрлер негізінде ғана біріктіріп қоймай, бұқара халықты әлеуметтік негізде де біріктіретінін айта отырып, автор ойын: “Біздің заманымыздың маңызды талабы өркениеттер арасындағы ынтымақтастық пен өзара байланыстарды қолдау, әсіресе дінаралық қарым-қатынастарды ізгілік жолына, өзара сыйластыққа, толеранттылыққа тәрбиелеу, зорлық-зомбылық, күш қолданудан бас тартып, бейбіт, парасат арнасына бейімдеу болып отыр”, деп түйіндейді.

Қырық жылдан астам жоғары білім жүйесінде ғылыми және оқытушылық жұмысты оңтайлы ұштастырып келе жатқан ғалым-ұстазды бүгінгі білім саласы терең ойландырады. Соңғы кездері жүзеге асып жатқан оң өзгерістермен қатар бұл салада қордаланған күрделі қайшылықтар мен қиыншылықтар жеткілікті. Этностық тамырынан айырылған білімнің мазмұны ұлттың дамуына қайшы келетіні белгілі. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында жемқорлықтың етек алуы, пара беріп баға алуға дағдыланған студенттер мен пара алып дағдыланған оқытушылардың көбеюі де бүгінгі ащы да болса шындығымыз. Нарық пен білімді байланыстыруды бір жақты түсінудің салдарынан білімнің сапасына емес, білімді ұйымдастырғанымызға ақы алу кең етек алып отыр. Айталы білім саласынан қаржы үнемдеу – болашақты ұрлаумен тең дей отырып, жоғары оқу орындарын мүмкіндігінше мемлекет тарапынан қаржыландыратындай қайтадан реформа жасау қажет деп есептейді.

Қазіргі қоғамдық жүйемізге етене кіріп алған сыбайлас жемқорлық тақырыбына Амангелді Айталы бірнеше мақала жазды. Қазір рухани індетке айналған бұл қоғамдық құбылысты автор билік өкілдігін саудаға салу, жеке мүдде үшін қоғамдық парыздан бас тарту, дәлірек айтқанда, парасатты парызынды жеке мүддеге құл ету деп санайды.

Әлі толыққанды тәуелсіз экономикамыз қалыптаса алмай отырғанда миллиардтаған ақшалардың сыбайлас жемқорлардың көмейіне құйылып жатқаны өкінішті-ақ. Қарапайым халықты қайсыбіреулердің баю үшін ешнәрседен тайынбайтыны мазасыздандырады, қапаландырады. Қоғамымыздың осындай әртүрлі әрекеттерге тиісті тосқауыл қоя алмай отырғаны кімді болса да қынжылтады.

Әбекенше айтқанда, сыбайлас жемқорлықтың да өз пирамидасы бар. Сондықтан биліктің жоғары деңгейіндегі сыбайлас жемқорлықты ауыздықтайтын арнайы заң керек. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы, жоғары лауазымды мемлекеттік шенеуніктерді сергек бақылай алатын тетік, олардың тарапынан жасалуы мүмкін қылмыстың алдын алатын, оны анықтаудың кешенді іс-әрекеттері қажет.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың қоғам үшін, әсіресе, өндіруші саладағы ірі кәсіпорындар мен инвесторлардың жұмысында толық мөлдірліктің болуына қол жеткізу қажет дегені белгілі. Бұл мәселені одан әрі созуға жол беруге болмайды. Үкімет және бұл мәселеге жауапты министрлер мұнда мемлекеттік көзқарас үлгісін көрсетуі тиіс. Егер Қазақстандағы жұмыс істейтін әрбір компания өзінің барлық ақшаларын – қанша тапқанын, жұмсағанын, қайдан пайда алғанын адал көрсететін болса, онда Үкімет мүшелері біреулердің мүдделерін тоқайластырып отыр деген сөз де шықпайды деген сөзі бүгін де өзекті болып отыр.

Ылғи ізденіс үстіндегі ғалымның шетелдік тәжірибелер мен қазақстандық материалдарды ғылыми айналымға алған мақалалары мен сұхбаттары оқырман жүрегінен жол табуы жайдан-жай болмаса керек. Амангелді Әбдірахманұлы Айталының Отан алдындағы қажырлы еңбегі, ғылыми табыстары ескеріліп, бірнеше медальдармен, “Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін” белгісімен марапатталды. Сегіз жылдық парламентарийлік белсенді қызметінде екі рет, 1998, 2001 жылдары “Құрмет белгісі”, “Парасат” ордендерімен аталып өтуінің өзі де көп нәрсені аңғартса керек.

Азамат әруақытта отбасымен көрікті. Үш ұл-қыз өсіріп, немерелер сүйген Айталы – үлкен әулеттің отағасы. Айбары – ақпараттық технология, Жанары маркетинг саласында қызмет етеді, Айдары – әскери қызметте, полковник. Отбасының тынымсыз тірлігін тындырып отырған Гүлекең, Гүлжан замандасымыздың отағасының табысындағы үлесі айрықша.